

САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ



Біз үшін жарық дүниедегі ең қымбат, ең қадірлі жанның бірі асыл әжеміз

Сәлкен Әбутәліпқызы Мәкіжанованың

тұрлауы жоқ өмірден өткеніне жыл толып отыр. Әжеміз 1935 жылдың маусым айының 1 жұлдызында дүниеге келген. Біздің асыл әжеміз тіршілігінде Әміржан Рыспайұлы атамызбен отбасын құрып, шаңырақтарының құты, босағалырының берекесі бола білді. Ұл-қыздарын әкелік, аналық махаббаттарымен аялап, әлпештеп өсірді. Екеуі де еліне елеулі, халқына қалаулы жандар болды. Сәлкен әжеміз мінезге бай, парасатты адам еді. Ет жақын туған-туыстарымен бірге, ауыл-аймақ - әжеміздің бойындағы ерекше адамгершілік қасиетіне орай әжемізге құрмет көрсетіп өтті. Сондай риясыз сыйластыққа әжеміз әбден лайық адам болатын. Ол кісінің бойындағы ізетті ізгілік пен пайымды парасат, кісілік келбеті кімге болсын өнеге. Мәуелі бәйтеректей болған асыл жаннан көз жазып қалсақ та, айтқан әрбір сөзі көңілімізде. Әжем марқұмның: "Келген қонаққа, қара нан мен қара су берсең де, қабағыңды шытпа, жылы жүзіңмен қарсы ал", - деген ақылын жиі еске аламыз. Үйге келген ұл-қызын, немерелерін мейірлене құшақтап, жылы сөзін арнайтын әжемнің даладай кең, баладай риясыз, аңқылдаған ақкөңіліне тең келер дүние бар ма? Қазандағы майға қызара піскен бауырсағы мен сары майы дастарқанынан арылған емес. Самаурыны қайнап, қазаны оттан түскен жоқ. Кішкентай кезімізде әжеміз қызыл сандығын ашып, бізге тәттілер үлестіретін. Бүгінде тамаша естелікке айналған балалық шағымыздың жарқын сәттерін сағынышпен еске аламыз. Айта берсек, әңгіме таусылмайтын шығар. Әттең, осындай жаңы ізгі адамдармен өткізген тамаша сәттің қайта оралмайтыны өкінішті.... Жылдар жылытап өткен сайын оларға деген сағыныш та ұлғайып барады. Әрдайым жылы жүзімен, бауырына басып, мейірін төгіп, шуағымен ет жүрегіңді елжірететін асыл әжеміздің бейнесі біздің көкірегімізде мәңгілік сақталатын болады. Сол шуағымен, таңғы шықтай мөлдіреген ыстық ықыласымен әлі де ұрпағының жанын жылытып жүрген тәрізді. Асылдың сынығы, көнеңіз көзіндей болған әжеміздің жарқын бейнесін сағынышпен еске аламыз. Әжеміздің ел білетін ерекше қасиеті сабырлығы мен шыдамдылығы, парасаттылығы мен табиғи таза болмысы қашан да артындағы ұрпағы үшін үлгі болып қалары сөзсіз. Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын. Сүйегі асыл, сөздері өсиетке толы, жүріп өткен жолдары кейінгі ұрпаққа тағылым болған бұрынғының адамдарының сабырлығы мен шыдамдылығына кейде қайран қаласың. Біздің де әжеміз сондай жан еді. Қандай қиындық көрсе де сыр білдірмейтін. Балаларының амандығын Алладан тілеген асыл әжемнің орны немерелері үшін ерекше. Жүзі жылы, жүрегі мейірімге толы әжемізді ажалдан арашалап қала алмадық. Өйткені, өлім хақ. Ажалдан ешкім құтыла алмайды. Сондықтан орны ойсырап тұрған жақындарымыздың рухына Құран бағыштап, оларды еске алудан басқа қолдан келер қайран жоқ. Бүгінде артында қалған ұрпағы асыл әжеге дұғаларын бағыштап, о дүниенің жақсылығын берсін деген тілек айтады. Тіпті арамыздан кетпегендей, бәрімізге бас болып бірге жүргендей. Сіз біздің мәңгілік жүрегіміздесіз, асыл әже!

Еске алушылар, ұрпақтары.

ТАЙЫНША ҚАЛАСЫНДА ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА ФУТБОЛДАН ТУРНИР ӨТТІ



9-10 қыркүйек күні Тайынша қаласында балалар мен жасөспірімдер командалары арасында футболдан турнир өтті.

Жарыс-турнир футболдан екінші біліктілік санатты жаттықтырушы-оқытушы, спорт төрешісі, спорт ардагері Владимир Бурдығаны еске алуға арналды. Владимир Михайлович өзінің саналы ғұмырын ауданымыздың балалары мен жасөспірімдерін спортқа баулуға арнап, ауданымыздың атын әйгілі еткен футболшылардың тұтас бір тобын тәрбиеледі.

Владимир Михайлович кезінде белсенді қақпашы болған. Оның тәрбиеленушілері 2008, 2010, 2011, 2012 жылдары «Coca-Cola-Былғары доп» республикалық балалар мен жасөспірімдер турнирінің қатысушылары болды. 2005 жылдан 2010 жылға дейін оның тәрбиеленушісі Евгений Решетов Петропавл қаласының

"Қызыл жар СК" командасының қақпашысы, ал 2012 жылдан 2013 жылға дейін Қарағанды қ. "Гефест" командасының қақпашысы болған. Республикалық, облыстық және аудандық деңгейде футбол мен футболдан спортшылар бүгінгі таңда В.Бурдығаның лайықты ізін жалғастыруда. Олардың қатарында, Ушаков Роман, Зубарев Александр, Накореник Константин, Раев Данияр, Антонов Роман, Антоненко Илья, Блаженец Виталий, Ермаков Максим, Гофман Артем, Чумейко Максим, Синецкий Александр, Ильяшенко Вадим, Ибрагимов Мирлан, Ибрагимов Никита, Бондаренко Максим, Каташев Евгений, Малафеев Андрей, Денисевич Артем, Фоменко Филипп бар. Олардың көпшілігі осы күнге дейін түрлі футбол және футбол жарыстарында абыроймен өнер көрсетіп, аудан қоржынын жүлделі орындармен толықтырды. Бірқатары Владимир Михайловичтің ісін жалғастырып, бүгінде тәрбиеленушілері жақсы нәтижелер көрсетуде.

Турнирге Петропавл, Көкшетау қалаларынан, Тайынша және Зеренді ауданынан командалар қатысты. Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне медальдар мен грамоталар табысталды. Жасөспірімдер! Жеңіске жете беріңдер!

Нұржан СЕРІҚҰЛЫ, спорт жанкүйері.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 301. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй. БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ: 8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.